

«6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

Баймырза Айнұр Аманғалиқызының
«Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» атты
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Баймырза Айнұр Аманғалиқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2015 жылы «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде PhD-докторантураға оқуға түсіп, 2018 жылы оқуды аяқтады. Диссертация жұмысының тақырыбы – Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі.

Зерттеу жұмысы қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдаят пен жастардың тілдік мінез-құлқын социалингвистикалық тұрғыдан зерделеуге арналған. Зерттеу нысаны – жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділік жағдаяты. Зерттеудің мақсаты ретінде жоғары оқу орны студенттерінің тілдік сәйкестілігі мен көптілділік деңгейінің өзара байланысын әлеуметтік-лингвистикалық параметрлер арқылы айқындау және көптілділік жағдаятындағы студенттердің тілдік сәйкестілігін модельдеу алынып отыр.

Зерттеу жұмысы келесі маңызды нәтижелермен ерекшеленеді:

- тілдік сәйкестілік ұғымы жастар ортасында әлеуметтік желілердегі тілдік тәжірибе, отбасы ішіндегі тілдік қатынас, білім беру жүйесіндегі тілдік орта, ұлт пен этносқа қатыстылық арқылы әртүрлі деңгейде көрініс табатыны дәлелденген;

- зерттеу барысында Қазақстанның түрлі аймақтарынан жиналған нақты деректер негізінде көптілділік деңгейі сандық көрсеткіштермен (Гринберг индексі) бағаланып, тілдік репертуар мен сәйкестілік арасындағы байланыс ашылған;

- сапалық сұхбаттар арқылы жастардың тілге деген ішкі эмоционалдық көзқарасы мен жеке тәжірибесіндегі ішкі қайшылықтар ғылыми сипатта талданған;

- жастар арасындағы тілдік сәйкестілік пен көптілділік құбылысы тілдік саясат, ұлттық бірегейлік, этномәдени орта сияқты макро және микрофакторлар арқылы интерпретацияланған.

Айнұр Аманғалиқызы сауалнамалық және сұхбаттық әдістерді үйлестіре отырып, Қазақстанның бес аймағында (Астана, Петропавл, Шымкент, Ақтөбе, Өскемен) орналасқан жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері арасынан 500 респондентті қамтыған іріктемелі эмпирикалық зерттеу жүргізген. Сонымен қатар, зерттеуде Дж. Гринбергтің лингвистикалық әртүрлілік индексі қолданылып, жастар арасындағы көптілділік деңгейі мен аймақтық ерекшеліктер сандық тұрғыда сипатталған.

Зерттеу жұмысы құрылымдық жағынан логикалық тұрғыдан бірізді, тақырып мазмұнына сәйкес келетін теориялық және практикалық бөлімдерден тұрады. Диссертациялық жұмыста алға қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, алынған нәтижелер өзара жүйелі түрде тұжырымдалған. Жастардың тілдік тәжірибесін, тілге эмоционалды қатынасын және сәйкестілік құрылымындағы ішкі қайшылықтарды талдау арқылы автор көпқабатты сәйкестілік моделін ұсынған.

Зерттеу нәтижелері қазіргі көптілділік жағдайындағы жастардың әлеуметтік интеграциясы, тілдік саясат және білім беру салаларындағы шешім қабылдау үдерістері үшін практикалық маңызға ие.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Баймырза Айнұр Аманғалиқызының «6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Жастардың тілдік сәйкестілігі және көптілділігі» атты диссертациялық жұмысы қойылатын талаптарға толық жауап береді деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші
филол.ғ.д., доцент

19.05.25.



М. Шайкенова